

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту

2020 – 2021 оқу жылында 54 бала балабақшаға қабылданып , барлық балалар алғашқы медициналық тексеруден өтті. Оның ішінде анемия – 14 бала, пиелонефрит – 1 бала диспансерлік есепке алынған. Жыл бойына балалардың денсаулығын нығайту және сақтау мақсатында жыл мезгілдеріне байланысты емдеу – профилактикалық шынықтыру іс – шара өткізілді. Әр ай сайын бекітілген ауру көрсеткіші туралы балалар емханасына мәлімет беріп отырады.

2020 жылы сәуір айында 3-5 жас аралығындағы балаларды арнайы мамандар және зертхана қызметкерлерінің жоспары бойынша тексеруден өткізді. Барлық топ балалары жазғы сауықтыру жұмыстарына толықтай қатысты. 2021 жылдың маусым , шілде, тамыз айларында балалардың денсаулығын нығайту мақсатында балабақшада сауықтыру жұмыстары жүргізілді. Барлық топтар ауласында жалпақ табандылықтың алдын – алудың мақсатында әр түрлі жолақтардан өткізіп, күнге қыздырынып түрлі жатттығуларды жасады.

Барлық топ балалары қыс мезгілінде таза ауада шынығып, қысқы ойындарға қатысып, күнделікті таңғы асқа емдік шайлар беріледі. Түскі астың 3 тағамына С дәрумені күнделікті жыл бойына қосылады. Сәуір , мамыр айларында 14 қызметкерге салмонеллезге қарсы дәрі ішінді, 76 балаға дизентерияға қарсы дәрі ішкізіліп, күз мезгілінде 40 балаға R манту , 33 балаға Ваксигрипп екпелері егілді. Жұқпалы аурудың алдын алу мақсатында вирусты гепатиттің «А» түріне қарсы I турда 18 балаға , II турда 20 балаға епке салынды. Балабақшадағы сауықтыру шараларының тиімді ұйымдастырылуының арқасында балалар ауруының төмендеуіне қол жеткізді. Оқу жылының соңына қарай анемия бойынша 14 бала, пиелонефрит 1 бала, мамандар тексеруіне кейін Д есептен шығарылды. Балабақшадағы сауықтыру шаралары барлық балалармен , әр баланың жеке тұлғалық қабілеттіне байланысты мамандар жас ерекшеліктеріне сай жұмыс жүргізеді. Сауықтыру және шынықтыру шараларының нәтижесі тұмау басқа да вирусты аурулардың азаюымен асқину түрлерінің күрт төмендеуіне , балалардық жалпы жағдайының жақсаруы, ауруға байланысты балабақшаға келмей қалуы азаяды.

Жылына екі рет күз мезгілінде Д есепте тұратын балаларды арнайы жолдамамен өз мекен жайлары бойынша емхана барып тексеріліп , сауықтырылады. Күз мезгілінде оксалин майы жағылып, сауықтыру жұмысы жүргізіледі. Тұмаудың алдын алу мақсатында ата – аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қыркүйек , қазан айларында 33 балаға Ваксигрипп

екпесі егілді. Сонымен бірге қосымша әртүрлі көкөністен жасалынған , дәмді салаттар беріледі. Күз, қыс мезгілдерінде түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында пияз, сарымсақ туралы топтарға қойылады. Сауықтырудың ең тиімді әдісі балалардың денесін шынықтыру болып табылады. Сонымен қатар дұрыс тамақтану, дәрумендер, дене шынықтыру шаралары, таңертеңгі жаттығулар, екпе егулерде сауықтырудың ең алдыңғы орнында тұратын факторлары. Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда түрлі жұмыстар жүргізіліп, аурудың алдын алу көрсеткіштерін жақсартуға ерекше мән беріледі.

№	Екпелер атауы	Екпе салынған бала саны	% көрсеткіші
1	Ваксигрипп	33	36,6 %
2	R манту	40	44,4 %
3	Вирусты гепатит «А»	29	32,2 %
	I тур	18	20 %
	II тур	20	22,2 %



2021 – 2022 оқу жылында балабақшаға 28 бала қабылданған. Диспансерлік есепке алынған балалар жоқ. Түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында 55 балаға профилактикалық егулер жүргізіледі. Егу жұмыстары әлі де жалғасуда.

№	Екпелер атауы	Екпе салынған бала саны	% көрсеткіші
1	Ваксигрипп	30	34,8 %
2	R манту	25	29,6 %

